

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік
Қазақстан педагогикалық университетінің
Басқарма төрағасы – Ректордың у.м.а.
_____ Г.Д. Сугирбаева

«Қазіргі білім беру жағдайында тарих пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін
дамыту»
біліктілік арттыру курсының

БАҒДАРЛАМАСЫ

Оқу мерзімі: 2 апта

Жалпы сағат саны: 80

Шымкент - 2024

Бағдарлама «Тарих және педагогика» факультетінің кеңесінде қаралып, Ғылыми кеңеске талқылауға ұсынылды.

Хаттама № ____ « ____ » _____ 20__ ж.

Білім беру бағдарламасы университеттің Ғылыми кеңесінде қарастырылып, Басқармаға бекітілуге ұсынылды.

Хаттама № ____ « ____ » _____ 20__ ж.

Білім беру бағдарламасы Басқармада бекітіліп қолданысқа енгізілді.

Хаттама № ____ « ____ » _____ 20__ ж.

Келісілген:

Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер
жөніндегі проректордың у.м.а.,
Академиялық істер департаментінің директоры _____ Бердалиев Д.Т.

Тарих және педагогика факультетінің деканы _____ Таутаева Г.Б.

Үздіксіз білім беру орталығының басшысы _____ Дайырбеков С.С.

Бағдарламаны құрастыру бойынша жұмысшы тобы

№	Аты-жөні	Қызметі	Байланыс деректері
1	Орынбасарова Гулжан Жаксымбетовна	т.ғ.к., аға оқытушы	87755343460
2	Абдиханова Алима Жангазиевна	т.ғ.к., аға оқытушы	87779167180
3	Баймаханов Бекжигит Кубеевич	т.ғ.к., аға оқытушы	87073999583

Қысқартулар

ОӘК – оқу-әдістемелік кешен

ТӨЖ – тыңдаушының өзіндік жұмысы

ЕББҚ – ерекше білім беру қажеттілігі

АКТ - ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

1. Жалпы ережелер

Педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы «Қазіргі білім беру жағдайында тарих пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» (бұдан әрі – Бағдарлама) негізгі, орта білім беретін мектептердегі тарих пәні мұғалімдерін оқытуды реттейді.

Бағдарлама заманауи білім беру тәсілдері мен кәсіби дағдыларын қолдану тарих пәні мұғалімдерінің кәсіби білім деңгейін және кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге бағытталған.

Бағдарлама «Қазақстан Республикасы негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» бойынша күтілетін нәтижелер негізінде тарих пәні педагогтарының кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге бағдарланған.

2. Глоссарий

Бағалау – оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл.

Блум таксономиясы – сыни ойлауды қарастыруға болатын ойлау дағдыларын кеңінен қолданатын иерархиялық модель

Визуализация - деректерді түсіну максималды оңталы болу үшін мәліметтерді көрнекі-бейнелі ойға ауыстыру процесі.

Дифференциация – Дифференциация – білім мазмұнын, формаларын оқушының қалауына бейімдеу арқылы білім алушылардың білім беру қызметін ұйымдастыру. Оқытудың тиімді әдіс пен тәсілдерін, көлемін мен қарқынын білім алушының қажеттілігіне бағыттау.

Кәсіби құзыреттер – шешілуі маманның міндетіне кіретін мәселелер шеңбері.

Инклюзиялық оқыту – физикалық, әлеуметтік, интеллектуалдық, эмоционалдық-психологиялық, тілдік тағы басқа ерекшеліктеріне қарамастан әрбір адамның, білім беретін ұйымдарында білім алуға жағдай жасалатын оқу нысаны.

Креативтілік - тұлғаның стандартты, дәстүрлі тұжырымдамалар мен көзқарастан бас тарту қабілеті. Кез келген мәселені шешу үшін жаңа әдістер мен құралдарды қолдану және стандартты емес тәсілдерді табу.

Критериалды бағалау - білім алушының оқу жетістіктерін білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген, білім алушының қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілген нәтижелерімен сәйкестендіру үрдісі

Креативті ойлау - мәселені шешу, жаңа идеялар ойластыру немесе ерекше жаңа туындыны дүниеге әкелу.

Педагогтың кәсіби құзыреттілігі – педагогтың кәсіби қызметі білім алушылардың іс-әрекетіне бағытталған. Оқушыларды ынталандыру, өзіндік ойлау мен шығармашылық қабілеті мен әрекеттерін қалыптастыратын мұғалімнің басқарушылық іс-әрекеті.

Педагогикалық қызмет - педагогикалық процесте оқушының жеке басын тәрбиелеу, дамыту және өзін-өзі дамыту үшін бейімді жағдайлар жасауға және өзін еркін шығармашылықта барлық мүмкіндіктерін тандауға бағытталған кәсіби қызмет.

Рефлексия – ой-елегінен өткізу, іс-әрекетті өзіндік талдауы және оның нәтижесі.

Сабақты зерттеу - педагогикалық практиканы дамыту мақсатында топтағы бірлескен кәсіби даму моделі.

Сыни ойлау - мағлұматты жан-жақты логикалық талдау, дәлелдеу, оң немесе теріске шығару қабілеті. Шешімдерді жүзеге асыру қабілеті.

Кері байланыс – оқушылардың ынтасын арттыру, белгілі бір ақпаратты меңгеру деңгейін анықтау үшін оқу процесін реттеу тетіктері ретінде қарастырылады.

Ықшам сабақ – педагогтердің дағдысын жоғарғы сатыға көтеру мақсатында оларға қолдау көрсету әдісі. Педагогтер үшін бихевиоризм тұжырымдамасына негізделген іскерлік психологиялық тренинг.

«Lesson Study» –білімді дамытуға бағытталған, сабақ зерттеудің өзгеше түрі болып табылатын педагогикалық тәсіл. Жапон білімінен бастау алып, сонда кәсіби дамудың кең таралған тәжірибесі болып табылады.

STEM: Science – ғылым, Technology – технология, Engineering – инженерлік іс, Math – математика.

STEM білім – жаңа технологияларды дамытуға, инновациялық ойлауға, жақсы дайындалған инженерлік кадрларға деген қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған ғылымды біріздендіру.

Smart-learning – бұл икемді оқыту, бұл көптеген дереккөздердің болуын, мультимедияның максималды әртүрлілігін (аудио, видео, графика), мобильді құрылғылардың көмегімен тыңдаушының деңгейіне және қажеттіліктеріне тез және оңай бейімделуге мүмкіндік береді.

STEAM оқу – бұл жобалық және оқу-зерттеу қызметін мектепте, мектептен тыс уақытта жүзеге асырудың бір бағыты, аралас оқыту ортасын білдіреді және оқушыларға ғылыми әдісті күнделікті өмірде қалай қолдануға болатындығын көрсетеді.

SMART – жеке тұлғаның ерекшеліктерін ескере отырып жеке тұлғаны ынталандырудың, бейімделудің, ресурстарға еркін қолжетімділіктің, технологияларды пайдаланудың білім беру бағытын көрсететін өзіндік Self-directed бағытталған, Motivated ынталандырылған, Adaptive адаптивті, Resourcefree ресурстық, технологиялық тұрғыдан жасалған сөздерінің қысқартылуы.

3. Бағдарламалар тақырыптары

Модуль 1. Қазіргі білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық, педагогикалық-психологиялық аспектілері	1.1	«ҚР негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» . «ҚР жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»
	1.2	Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды бағалау қағидалары
Модуль 2. Білім беру сапасын арттыру контекстінде оқытудың мазмұнымен әдістерін жетілдіру	2.1	Тарих пәнін оқытудың ерекшеліктері
	2.2	Тарих пәні мұғалімінің пәндік-құзыреттіліктерін дамытуда белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану.
	2.3	Оқушыларға тарихи білім берудің жаңартылған тұжырымдамасы контекстінде тарихы оқыту
	2.4	Әр түрлі сыныптарда тарихты оқытудың тәсілдерін қалыптастырудың әдістемелік жолдары
	2.5	Тарихи ұғымдарды қалыптастыру
	2.6	Тарих пәнінде STEM оқыту құралдарын пайдалану
	2.7	Оқушыларда тарихи процестің заңдылықтарын түсінуін қалыптастыру
	2.8	Қайталау - тарихи білімді қалыптастыру жүйесі
	2.9	Тарихи құжаттармен жұмыс істеу әдістері
	2.10	Тарихты оқытуда картографиялық білім мен дағдыларды қалыптастыру
	2.11	Пән бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалауға арналған оқу тапсырмаларын әзірлеу тәсілдері
	2.12	Педагогикалық іс-әрекеттегі рефлексияның рөлі
	2.13	Lesson study сабақты жоспарлау және өткізудің тиімділігі
	2.14	Инклюзивті білім беруде мұғалімнің оқыту тәсілі және нәтижеге бағытталған білім беру мазмұны

	2.15	«Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәнінің мазмұны бойынша ғылыми жобалар мен зерттеулерді ұйымдастыру . Ғылыми жұмыстың мазмұны мен бағыттары.
Модуль 3. Педагогтардың IT- құзыреттілігін дамыту	3.1	Қашықтан оқыту сервистері: «оріq.kz, Daryn.online, Online Mektep, Zoom, Microsoft Teams, Google Meet, Free Conference, BlueJeans» және «AiTube» медиахостингтің, «YouTube» бейнехостингтегі бейнересурстарын және т.б. қолдану.
	3.2	Тарих пәнін оқыту үшін сандық білім беру ресурстарын әзірлеу
Вариативті	4.1	Тарих пәні мұғалімдерінің жеке құзыреттерін дамыту
	4.2	Тарих пәні мұғалімінің пәндік-кәсіби білімін дамыту
	4.3	Авторлық білім беру бағдарламаны әзірлеу, бағдарлама мазмұны, талаптар

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелері

Қазіргі уақытта тарих пәнінің мұғалімі білім беру жүйесіндегі маңызды және сұранысқа ие мамандықтардың бірі болып табылады. Тарих мұғалімі өз пәні бойынша білімді, жан-жақты дамыған болуы керек, ақпараттың үлкен көлемін жылдам игере білуі керек. Тарихшы–мұғалім балаларды тарих мәселелерімен қызықтыруға және оларға өз білімдерін жеткізе білуге жауапты. Білім беру мекемелерінде тарихты оқыту тәрбиімен тығыз байланысты. Тарих мұғалімінің тағы бір маңызды міндеті - білім алушыларға тарихи тұлғалар мен фактілерді объективті бағалау керек деген ойды жеткізу. Яғни, мектепте тарих пәнінің мұғалімі оқушыларға тарихи ойлауды қалыптастыру қажет.

Мақсаты: Тарих пәнінің мұғалімдерінің сабақта оқытудың тиімді формалары мен әдістерін қолдану арқылы пәндік кәсіби құзыреттілігін жетілдіру.

Міндеттері:

1) нормативтік-құқықтық құжаттарға, мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына, типтік оқу жоспары мен бағдарламаларына сәйкес оқытуды ұйымдастырудың негізгі бағыттары мен принциптерін зерделеу;

2) тарих пәнінің білім беру мазмұнына сәйкес тыңдаушылардың пәндік білімін кеңейту, әдістемелік қамтамасыз ету;

3) тарих пәні мұғалімінің педагогикалық технологияларын жетілдіру және заманауи технологияларды сабаққа енгізу;

4) мұғалімнің тарих пәні бойынша білім беру үдерісіндегі құзыреттілігін, білімін жетілдіріп отыруға бағыттау;

5) оқыту үдерісінде интербелсенді әдістерді қолданудың тиімділігін көрсету.

Күтілетін оқу нәтижелері

1) білім берудің тұжырымдамалық негізі туралы теориялық білімдерін кеңейтеді, білім берудің негізгі талаптары мен бағыттарын түсінеді;

2) заманауи білім берудегі педагогикалық технологиялар мен интербелсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін қолданудың әдістемесін үйренеді;

3) тарихты зерттеудің әдіснамалық және тұжырымдамалық негіздерін біледі және түсінеді;

4) тарихи ақпаратты оңтайлы таңдау үшін дереккөздермен аналитикалық және салыстырмалы жұмыс әдісін меңгереді;

5) оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда заманауи әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, практикалық сабақтарды тиімді өткізуді жетілдіреді.

5.Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

№	Сабақтың тақырыптары	Дерістер	Вебинар	Тәжірибелік сабақ	Жоба	Семинар	Тыңдаушылардың	Тренинг	Барлығы
1	Модуль 1. Қазіргі білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық, педагогикалық-психологиялық аспектілері.		4						4
1.1	«ҚР негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» . «ҚР жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»		2						2
1.2	Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды бағалау қағидалары		2						2
2	Модуль 2.Білім беру сапасын арттыру контекстінде оқытудың мазмұнымен әдістерін жетілдіру.		18	16		8	22		64
2.1	Тарих пәнін оқытудың ерекшеліктері		2						2
2.2	Тарих пәні мұғалімінің пәндік-құзыреттіліктерін дамытуда белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану						2		2
2.3	Оқушыларға тарихи білім берудің жаңартылған тұжырымдамасы контекстінде тарихы оқыту						2		2
2.4	Әр түрлі сыныптарда тарихты оқытудың тәсілдерін қалыптастырудың әдістемелік жолдары			2			4		6
2.5	Тарихи ұғымдарды қалыптастыру		4						4
2.6	Тарих пәнінде STEM оқыту құралдарын пайдалану		2	2			4		8

2.7	Оқушыларда тарихи процестің заңдылықтарын түсінуін қалыптастыру.		4					4
2.8	Қайталау - тарихи білімді қалыптастыру жүйесі			2			4	6
2.9	Тарихи құжаттармен жұмыс істеу әдістері			4			2	6
2.10	Тарихты оқытуда картографиялық білім мен дағдыларды қалыптастыру			4				4
2.11	Пән бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалауға арналған оқу тапсырмаларын әзірлеу тәсілдері		2					2
2.12	Педагогикалық іс-әрекеттегі рефлексияның рөлі					2	4	6
2.13	Lesson study сабақты жоспарлау және өткізудің тиімділігі			2		4		6
2.14	Инклюзивті білім беруде мұғалімнің оқыту тәсілі және нәтижеге бағытталған білім беру мазмұны		2			2		4
2.15	«Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәнінің мазмұны бойынша ғылыми жобалар мен зерттеулерді ұйымдастыру . Ғылыми жұмыстың мазмұны мен бағыттары		2					2
	Модуль 3. Педагогтардың ІТ-құзыреттілігін дамыту			8				8
3.1	Қашықтан оқыту сервистері: «oriq.kz, Daryn.online, Online Mektep, Zoom, Microsoft Teams, Google Meet, Free Conference, BlueJeans» және «AiTube» медиахостингтің, «YouTube» бейнехостингтегі бейнересурстарын және т.б. қолдану.			4				4
3.2	Тарих пәнін оқыту үшін сандық білім беру ресурстарын әзірлеу			4				4
	Модуль 4. Вариатив			4				4
4.1	Тарих пәні мұғалімдерінің жеке құзыреттерін дамыту		2					2
4.2	Тарих пәні мұғалімінің пәндік-кәсіби білімін дамыту							
4.3	Авторлық білім беру бағдарламаны әзірлеу, бағдарлама мазмұны, талаптар		2					2

6.Оқу үрдісін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру курстары:

1.Бағдарламада көрсетілген оқу-тақырыптық жоспарға (бұдан әрі - ОТЖ) сәйкес күндізгі формада оқытылады. Күндізгі оқу курсының ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

2. Бағдарламаға сәйкес оқыту аралас модель бойынша жүзеге асырылады: қашықтықтан оқу – 26 сағат, өз бетімен оқу – 54 сағат.

Тыңдаушының білімін бақылау және бағалау үшін шағын сабақ, жобалау, өзіндік жұмыс таныстырылымы және қорытынды тестілеу өткізіледі.

Тыңдаушының өзіндік жұмысы, тапсырмалары, жобалық жұмыстары және шағын сабақтардың тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі - ОӘК) енгізілген.

Білім беру үрдісін келесі интерактивті формалар мен әдістер құрайды: вебинарлар, семинар-практикумдар, тәжірибелік сабақтар (бұдан әрі - ТС), тренингтер, шеберлік сыныптар, өзіндік жұмыс, дөңгелек үстелдер, шағын сабақтың таныстырылымы, ситуациялық ойындар, кейс әдістері, бейнероліктерді талқылау, онлайн-форумдар, қашықтықтан оқу жағдайындағы вебинар, қашықтықтан кеңес беру, тыңдаушының өз бетімен оқуы.

Тыңдаушының кәсіби әлеуетін арттыру деңгейін анықтау мақсатында оқытушы-профессор құрамы бағдарлама мазмұнын меңгеруді бағалаудың критерийлері мен параметрлерін жасап, оларды курстың ОӘК-не енгізеді.

7.Бағдарламаларды оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Модуль 1: «Қазіргі білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық, педагогикалық-психологиялық аспектілері»

Модульдің құрылымы

Ұзақтығы – 4 сағат

Вебинар -4 сағат

Модульді мақсаттары мен міндеттері

Модульдің мақсаты Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттары мен стратегиялық мақсаттары туралы түсінік қалыптастыру.

Модульдің міндеттері «ҚР негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», «ҚР жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» іске асыру барысында тарих пәні мұғаліміне қажетті кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін жағдай жасау және мұғалімнің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттармен танысу.

Модульдің қысқаша мазмұны

Модульдың қысқаша мазмұны

1.1 «ҚР негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты». «ҚР жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»

Мектеп мұғалімдерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттарды шартты түрде үш деңгейге бөлуге болады:

- халықаралық;

- республикалық;
- жергілікті (мектепшілік).

Қазақстан білім беру, адам мен баланың құқықтарын қорғау саласындағы негізгі халықаралық құжаттарды әзірлеуге қатысушы екенін ескеріңіз:

- Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы;
- Бала құқықтары туралы конвенция;
- Адамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарының халықаралық декларациясы;
- Жоғары білім саласындағы Болон және Лиссабон конвенциялары және басқалары.

Мұғалімнің нормативтік құқықтық құжатын қарастыру. Мемлекеттік және мектепшілік құжаттар. Мемлекеттік құжаттар: «Білім туралы» Заң, «Тіл туралы» Заң, «Мұғалімнің мәртебесі туралы» Заң, Қазақстан Республикасының білім беру мен ғылымын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген), «Мемлекеттік жалпы білім беру стандарты» және т.б. Мұғалімнің оқыту іс-әрекетінде нормативтік құқықтық актілер (жалпыға міндетті білім беру стандарты, Мұғалімнің мәртебесі туралы Заң) мазмұнымен танысу, талдау. Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. Заң 21 баптан тұрады, мұғалімнің мәртебесі, тәлімгерлік, мұғалімнің біліктілігін арттыру туралы. «Педагогикалық этика», «педагогикалық әдеп кеңесі» және «тәлімгерлік» сияқты ұғымдар анықталғын.

Тарих пәні мұғалімдерінің біліктілік сипаттамалары кәсіби қызметтің келесі түрлерін талап етеді: оқу-тәрбиелік, ғылыми-әдістемелік, әлеуметтік-педагогикалық, мәдени-ағартушылық, дамытушылық, ұйымдастырушылық және басқарушылық.

1.2 Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды бағалау қағидалары

«Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы. Ерекше білім беру қажеттілігін анықтау, сипаты. Негізге алатын құжаттар. Оқу жоспары мен оқу бағдарламалары. Оқыту нәтижелерін бағалау әдістері, тәсілдері, құралдары. Оқытудың арнайы және альтернативті әдістерін қолдану. Оқулық, оқу және жеке оқу материалын таңдау. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау мен қолдау көрсету.

Модуль 2: «Білім беру сапасын арттыру контекстінде оқытудың мазмұнымен әдістерін жетілдіру»

Модульдың құрылымы

ұзақтығы – 64 сағат
вебинар – 18 сағат

Модульдің мақсаттары мен міндеттері:

Модульдің мақсаты қазіргі білім беру жағдайында оқу-әдістемелік қызметте заманауи білім беру тәсілдері мен кәсіби дағдыларды қолдану саласындағы тарих мұғалімдерінің кәсіби білімі мен құзыреттілігінің деңгейін арттыру.

Модульдің міндеттері тарих пәні мұғалімдерінің педагогикалық қызметін сапалы орындауға қажетті құзыреттіліктерін қалыптастыру; тарих пәні мұғалімдерінің кәсіби шыңдалуға, өз білімін жетілдіруді жүзеге асыруға ынталандыру негізінде білім беру сапасының деңгейін мемлекеттік және әлемдік стандарттардың талаптарына сәйкестендіру; тарих пәні мұғалімінің тәжірибелік дағдылары мен кәсіби білімін жаңартылған білім беру нормалары бойынша қалыптастыру.

2.1 Тарих пәнін оқытудың ерекшеліктері

Қазіргі тарих сабағы: мазмұны, сипаттамасы, түрлері. Қазіргі сабақтың формалары мен тәсілдері. SMART - мақсат қою. Сабақтың мақсатын талдау алгоритмі. Мақсаттардың түрлері және олардың ерекшеліктері. SMART - мақсаттарды талдау критерийлері. Әр түрлі сабақтардың мақсаттарын тұжырымдау.

Тарихи білімнің құрылымы. Білімді қалыптастыру процесі.

2.2 Тарих пәні мұғалімінің пәндік-құзыреттіліктерін дамытуда белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану

Тарих пәні мұғалімдерінің күрделі тақырыптарды оқып-үйренуді ұйымдастыру бойынша пәндік құзыреттерін, тарих сабақтарын дайындау және өткізудің практикалық міндеттерін шешудегі тұжырымдамалық тәсіл біліктерін дамыту.

2.3 Оқушыларға тарихи білім берудің жаңартылған тұжырымдамасы контекстінде тарихы оқыту

Негізгі және орта сыныптарда тарих пәні бойынша күрделі тақырыптардың теориялық негіздерін түсіну. Инновациялық технологияларды тиімді жолдарын талдау және анықтау арқылы күрделі тақырыптарды оқытуды үйрену. Күрделі тақырыптарды оқытуда жаңа әдістерді қолдана отырып, оқу үдерісінде заманауи әдістер мен технологияларды жобалайды және қолдану. Тақырыптар бойынша құзыреттілікке бағдарланған және сараланған тапсырмаларды, оқу жағдаяттарын жобалау.

2.4 Әр түрлі сыныптарда тарихты оқытудың тәсілдерін қалыптастырудың әдістемелік жолдары

Оқыту мен оқуда оқушыны білім игеру және жаңа білім құрастыру дағдылары мен әдістемесін меңгеру. Оқушыларға білімді өздігімен игеру амалдарын үйрету. Оқушының өзіндік түсінік қалыптастыруына тиімді жағдай жасау, бағыт-бағдарын анықтау. Тақырыптың мазмұнын игерумен қатар «сыни тұрғыда ойлау» үйрету.

2.5 Тарихи ұғымдарды қалыптастыру

Қазақстан тарихын, Дүниежүзі тарихын оқу барысында тарихи ұғымдардың рөлі қалыптастыру. Оқушылардың ұғымдарды ашудағы жиі кездесетін қателіктер. Ұғымдарды қалыптастырудың психологиялық-дидактикалық механизмдер. Зерттеу тақырыбына сай қажетті ұғымдарды жинақтау, оларды мағынасына қарай бөлу, мін-мағынасын ашу, білу, түсіну. Терминдермен жұмыс техникасы. Әр түрлі сыныптарда тарихи ұғымдарды қалыптастыру ерекшеліктері.

2.6 Тарих пәнінде STEM оқыту құралдарын пайдалану

Рендеринг және визуалдау әдісін пайдалану. Оқыту арқылы білім беруде ақпараттық-коммуникациялық тәсілдерді қолдану. «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерін оқыту барысында картамен жұмысты ұйымдастыру. Ақпараттық-коммуникациялық тәсілдерді қолдану уақтысында қауіпсіздік ережелерін сақтау тәртібі. STEAM - тарихи деректерді қолдану тәсілдерін үйрету. Білім алушылардың алған білімін тексеру мен бақылау үшін «Google-құжат, Padlet, ClassTime» функционалды қосымшаларды пайдалану технологиясы.

2.7 Оқушыларда тарихи процестің заңдылықтарын түсінуін қалыптастыру

Мектептің бағдарламасындағы Қазақстан тарихы мен Дүниежүзі тарихы курсында тарихи заңдылықтарын зерттеу. 5-11 сыныптардағы тарихи заңдылықтарды ашудың әдістемелік жолдары, қателер, тарихты оқытудағы проблемалық.

2.8 Қайталау - тарихи білімді қалыптастыру жүйесі.

Оқытудағы қайталаудың мәні. Қайталау түрлері. Тарихты оқытуда ағымдағы және қашықтықтан қайталауды ұйымдастырудың әдістемелік жолдары

2.9 Тарихи құжаттармен жұмыс істеу әдістері

Тарихи құжаттарды пайдалану маңызы. Құжаттарды өзбетіндік талдау. Негізгі мектеп оқушыларының тарихи құжаттармен жұмыс істеудің негізгі дағдылары мен іскерлігі қалыптастыру. Құжаттарды қолданудың иллюстрациялық тәсілі. Тарихи құжатқа сілтеме жасау. Өзара оқыту әдісі - оқушылардың өзіндік жұмысын жандандыруға мүмкіндік беретін әдіс. Құжаттармен топтық жұмыс жасау әдісі. Тарихи деректерді салыстыру әдісі.

Құжат типі. Пайдалану аясы мен пайда болған уақты. Құжаттың пайда болған уақтысына тарихи ситап. Хронологиямен жұмыс

2.10 Тарихты оқытуда картографиялық білім мен дағдыларды қалыптастыру

Тарихи карталарға жалпы сипаттама. Тарихты оқытудағы кеңістіктік бағдарлау, локализация. Тарихты оқыту контекстіндегі кеңістіктік ұғымының ерекшеліктері. Тарихи карта. Тарихи картамен жұмыс істеу әдістемесі. Карта жасау практикумы. Картографиялық көрнекілік құралдар. Интерактивті карталар. Оқытуда контурлық картаны пайдалану. Сабақта картографиялық көрнекілік құралдармен жұмыс істеу дағдысы.

2.11 Пән бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалауға арналған оқу тапсырмаларын әзірлеу тәсілдері

Критериалды баналау қағидаттары. Тапсырма әзірлеу кезеңдері. Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма әзірлеу алгоритмі. Оқу бағдарламасы мен жоспарға шолу. Оқу мақсаттарына шолу (ОМ). Бағалау критерийлерін құру (ҚБ). Ойлау дағдыларының деңгейін анықтау. Тапсырмалар түрлерін таңдау. Оқу мақсаттарын Блум таксономиясы бойынша жіктеуде бағалау критерийлері. Бөлім жиынтық бағалау (БЖБ). Тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырма әзірлеу алгоритмі. Оқу бағдарламасы мен жоспарға шолу. Тоқсандық жиынтық бағалау спецификациясы. Тапсырмалар түрін таңдау. Дұрыс жауапты құрастыру. Балл қою кестесін құрастыру.

2.12 Педагогикалық іс-әрекеттегі рефлексияның рөлі

Оқу үрдісінде қолданылатын рефлексия әрекетінің маңызы. Оқу үрдісі кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай рефлексияның түрлі формалары. Рефлексиялық әрекеттің негізгі қағидалары

2.13 Lesson study сабақты жоспарлау және өткізудің тиімділігі

Lesson study сабағының этаптары. Пікірлес оқытушылар тобын (фокус-топ) құру. Сабақты зерттеуді жоспарлау. Қажетті ақпаратты жинау. Сабақты жоспарлау. Бақылау картасын құрастыру. Интервью сұрақтарын құрастыру. Сыныпта бақылауды өткізу әдістері мен тәсілдері. Сабақты өткізу және бақылау. Оқушылармен интервью. Сабақтан кейінгі талқылау. Нәтижені жариялау.

2.14 Инклюзивті білім беруде мұғалімнің оқыту тәсілі және нәтижеге бағытталған білім беру мазмұны

Ерекше балаларға беру процесінің заңнамалық негіздері. Білім беру мекемелерді ерекше балаларды оқытудың бүгінгі ахуалы. Инклюзивті білім беруде қажеттіліктері бар оқушылардың арнайы білім беру мазмұны. Критериалды бағалау жүйесі. Бағалау қызметінде ерекше балаларға

педагогикалық-психологиялық қолғабыс көрсету. Инклюзивті білім беру жағдайында критериалдық бағалау жүйесін ұйымдастыру.

2.15 «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәнінің мазмұны бойынша ғылыми жобалар мен зерттеулерді ұйымдастыру. Ғылыми жұмыстың мазмұны мен бағыттары

Тарих сабақтарында оқушылардың зерттеу қызметін ұйымдастырудың теориялық мәселелері. Зерттеу қызметінің табиғаты (психологиялық-педагогикалық тәсіл). Зерттеу қызметінің түсінігі мен мәні. Зерттеу қызметінің түрлерінің сипаттамасы. Зерттеу және жобалау қызметінің жалпы сипаттамалары. Тарих сабақтарында зерттеу қызметін ұйымдастыру әдістемесі. Жобалау әдісі. Проблемалық әдіс. Сабақтан тыс жұмыстарда тарихты оқытуда зерттеу қызметін ұйымдастыру әдістемесі.

Модуль 3. Педагогтардың IT-құзыреттілігін дамыту

Модульдың құрылымы

ұзақтығы – 8 сағат

вебинар –

Модульдің мақсаттары мен міндеттері:

Модульдің мақсаты тарих пәні мұғалімінің ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігінің технологиялық құрамдас бөлігін және ақпараттық мәдениет элементтерін қалыптастыру.

Модульдің мақсаты білім берудегі компьютерлік ақпараттық технологиялардың дидактикалық мүмкіндіктерін, қашықтықтан білім беру, желілік және аралас оқыту принциптері мен технологияларын игеру; тарих сабақтарында цифрлық білім беру ресурстарын орналастыру платформаларын, онлайн-сервистерді және топтық оқу қызметін қолдау технологияларын пайдалануды меңгеру; тарих сабақтарында цифрлық ресурстарды қолданудың заманауи инновациялық технологиялары мен әдістерін меңгеру.

3.1 Қашықтан оқыту сервистері: «orip.kz, Daryn.online, Online Mektep, Zoom, Microsoft Teams, Google Meet, Free Conference, BlueJeans» және «AiTube» медиахостингтің, «YouTube» бейнехостингтегі бейнересурстарын және т.б. қолдану.

Қашықтықтан оқыту қызметтерін пайдалану технологиясы. LMS (оқытуды басқару жүйелері). Байланыс құралдары. Геймификация құралдары. Білім беру материалдарын орналастыруға арналған Онлайн-платформалар. Қашықтықтан оқыту түрлері. Синхронды оқыту. Асинхронды оқыту.

3.2 Тарих пәнін оқыту үшін сандық білім беру ресурстарын әзірлеу

Сандық құралдарға шолу және сипаттама. Тарихқа визуалды экскурсиялар. Тарих бойынша семинарлар-тренажерлер. Сабақты оқу - әдістемелік қамтамасыз ету саласындағы білім беру платформаларының сипаттамалары мен шолуы. Оріq.kz, Daryn.online, Online Мектеп және т.б

Модуль 4. Вариатив

Модульдың құрылымы

ұзақтығы – 4 сағат

вебинар– 4 сағат

Модульдің мақсаттары мен міндеттері:

Модульдің мақсаты табысты коммуникативті мінезді қалыптастыру мен білікті педагогикалық қызмет үшін қажетті кәсіби және жеке қасиеттерді дамыту

Модульдің міндеті педагогтың оқу қызметі саласындағы мәселелерді шеше білу; тарих пәні мұғалімінің функционалды сауаттылық дағдыларын дамыту біліктерін жетілдіру

4.1 Тарих пәні мұғалімдерінің жеке құзыреттерін дамыту

Жеке құзыреттіліктің құрылымы мен мазмұны. Кәсіби және жеке өсудің кедергілері, проблемалары және ресурстары. Педагогтің жеке ресурстарын өзектендіру шарттары. Мұғалімнің білім беру ұйымымен өзара әрекеттесу стратегиялары. Заманауи мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру ретінде «Soft skills» дағдылары.

4.2 Тарих пәні мұғалімінің пәндік-кәсіби білімін дамыту

Кәсіби өсу және оған жету жолдары. Кәсіби өсуге қол жеткізу жолдары. Өз бетінше білім алу. Өз білімін жетілдіру көздері. Мұғалімнің өз бетімен білім алу бағыттары.: Мұғалімнің кәсіби қызметіндегі әдістемелік құзыреттіліктің мазмұны мен маңызы. Ғылыми-әдістемелік құзыреттілікті қалыптастырудың дидактикалық әдістері мен тәсілдері. Оқытудың заманауи амалдары мен әдістері. Мұғалімнің кәсіби дайындығы.

4.3 Авторлық білім беру бағдарламаны әзірлеу, бағдарлама мазмұны, талаптар

Авторлық бағдарлама жазудың талаптары мен әдістемесі. Авторлық бағдарлама – зерттеу ізденісі. Инновациялық потенциал бойынша авторлық бағдарламаның үлгілері. Авторлық бағдарламаның құрылымы. Авторлық бағдарламаның элементтері. Авторлық бағдарламаның әдістемелік қамтамасыз етілуі.

8. Оқу нәтижесін бағалау

Қорытынды тестілеу

№	Модульдердің атауы	Сағаттар саны	Сұрақтар саны
1	Заманауи білім беруді дамытудың психологиялық-педагогикалық және нормативтік аспектілері	4	2
2	Білім беру сапасын, мәнмәтінде оқу мазмұны мен әдістерін жетілдіру	64	24
3	Педагогтердің ІТ құзыреттіліктерін дамыту	8	4
4	Вариативтік модуль	4	-
	БАРЛЫҒЫ		30

Жобаны бағалау критерийлері

№	Бағалау критерийлері	Балдар	Түсініктемелер
1	Зерттеу проблемаларын тұжырымдау. Проблеманың маңыздылығы мен өзектілігі		
2	Қойылған проблемалардың жоба мақсаттары мен міндеттердіне сай келуі		
3	Жоба мазмұнын құрылымдау: қисындылығы мен дәйектілігі		
4	Жоба тақырыбы мазмұнының сай болуы: - проблеманы ашу деңгейі; - жоспарға сай болуы.		
5	Жұмыстың келешегі: - жұмыс нәтижелерінің практикалық маңызы;		
6	Жобада инновациялық ұстанымдарды қолдану		
7	Шешендік шеберлік		
8	Сұрақтарға жауаптар		
9	Шығармашылық ұстаным		
	Балдар саны		

9. Курстан кейінгі қолдау

Біліктілікті арттыру үрдісінде алған білім мен игерген іскерлікті оқыту тәжірибесінде қолдану.

Мұғалімдерді курстан кейінгі сүйемелдеу куратормен онлайн кеңес беру, іс-шаралар, конкурстар, түрлі коммуникация тәсілдерін (ғаламтор және әлеметтік желілер мен электрондық пошта (*Telegram, Facebook, WhatsApp*

және т.б.), сервистерді (*YouTube, Zoom. т.б.*) қолдана отырып жарыстар өткізу арқылы жүзеге асырылады.

1. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ-дың ғылыми-практикалық конференцияларына педагогтардың қатысуы;
2. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ-дың оқу-әдістемелік іс шараларына (семинарлар, вебинарлар, әдістемелік десанттар және т.б.) педагогтардың қатысуы;
3. жеңімпаздар лигасының қызметіне педагогтардың қатысуы;
4. мұғалімдердің виртуалды тәлімгерлер мектебіне қатысуы;
5. ғылыми-әдістемелік және әдістемелік журналдар мен басылымдарға педагогтердің мақалаларын жариялау;
6. әдістемелік материалдарды бірлесіп әзірлеу.
7. ЖОО-да ұйымдастырылатын әдістемелік олимпиада, байқау т.б. қатысу.

10) Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1. Білім туралы. ҚР Заңы. [Электрондық ресурс] – URL: <http://www.zakon.kz/141156-zakon-respubliki-kazakhstan-ot-27.html>
2. Педагог мәртебесі туралы. ҚР Заңы. [Электрондық ресурс] – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>
3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. [Электрондық ресурс] URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>
4. Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы. [Электрондықресурс] URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008827>
5. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы. [Электрондық ресурс] – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900019027>
6. «Педагог мәртебесі туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне педагог мәртебесі, мұғалім мен оқушыға жүктемені төмендету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы. ҚР Премьер-Министрінің өкімі. [Электрондық ресурс] – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/R2000000013>
7. Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту. [Электрондық ресурс] – URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1200008170>
8. Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. [Электрондық ресурс] – URL: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31248110
9. Шоган В.В. Методика преподавания истории в школе: учебное пособие для вузов/ В.В.Шоган, Е. В. Сторожакова. — 2-е изд., перераб. и доп. — Москва: Издательство Юрайт, 2024. — 433 с.
10. Хораськина Р.И., Шувалова Е.М. Теория и методики обучения истории:

- Учебно-методическое пособие / Р.И. Хораськина, Е.М. Шувалова. – 2-ое изд., перераб. и дополн. – Казань: Казан. ун-т, 2023. – 87 с.
11. Ахметова Г. М. Методика преподавания истории в высшей школе: учебное пособие / Г. М. Ахметова. - Усть-Каменогорск: Берел ВКГУ, 2015. - 169 с.
 12. Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқыту әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы /«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 188 бет.
 13. Битэм Э. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу: [оқулық] . - Алматы: Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры, 2019. - 328 бет. - (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).
 14. Боресков А.В. Компьютерная графика учебник и практикум для прикладного бакалавриата / А. В. Боресков, Е. В. Шикин. - М. Юрайт, 2018. - 219 с.
 15. Завалко Н.А. Современные педагогические технологии: [учеб. для вузов] / Н. А. Завалко, С. Г. Сахариева. - Алматы: Эверо, 2015. - 304 с.
 16. Гарскова И.М. Историческая информатика. Эволюция междисциплинарного направления. -СПб.: Алетейя, 2018.- 408 с.
 17. Қозғамбаева Г. Б. Тарихты оқыту әдістемесі: оқу құралы - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 260 бет.
 18. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы негізінде әзірленген. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2016
 19. Чекетаева Р.С., Калимолдина Ж., Өскембай А. Тарихты оқытудағы инновациялық әдістер: оқу құралы.- Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ «Берел» баспасы, 2020. - 96 бет
 20. Алимгазинов К. Современные технотронные источники: информационный анализ исторических гипертекстов. Алматы: Елтаным, 2018. - 360 бет.
 21. Дауесова А. Ж. Тарихты оқытуда белсенді және инновациялық әдістерді қолдану //Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің хабаршысы. – 2018. – с. 191.
 22. Сейткалиева А. К. Білім жүйесінде инновациялық әдіс-тәсілдерді қарқынды пайдалану //Педагогическая наука и практика. – 2022. – №. 1 (35). – С. 111-113
 23. Методика преподавания истории: учебное пособие /.: Г.Б. Қозғамбаева, Н.К. Алпысбаева. –Допол. Втор, изд. –Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 260 с.
 24. Бахишева С.М. Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы: Оқулық. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.- 336 бет
 25. Мұғалімге арналған нұсқаулық /тиімді оқыту мен оқу/. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2016. -201 б.
 26. STEM білімді енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар. Астана,

- Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. – 2017, - 160 б.
27. Цифровая история: учебное пособие / [О. Л. Липницкая, Е. Э. Попова]. - Минск: Изд-во БГУ, 2016. - 156 с.
 28. Шваб К. Төртінші индустриялық революция: [оқулық] / К. Шваб. - Астана: Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры, 2018. - 200 бет
 29. Нургалиева Г.К. Достижения в области информатизации образования - объективная основа реализации ДО в Казахстане. Центральная Азия. Коммуникации и Информация. Усиление Сетей Дистанционного Образования в Центральной Азии. /Электрондық ресурс/<http://www.dlnet.unesco.kz/index-rus.html>
 30. Шапиев, Д. С. Цифровые образовательные ресурсы в деятельности учителя / Д. С. Шапиев. - Текст: непосредственный, электронный // Молодой ученый. — 2019. — № 16 (254). — С. 296-298. — URL: <https://moluch.ru/archive/254/58204/>
 31. Азимбаева Г.Ж. Қазақстан тарихынан білім сапасы мен білікті жетілдірудегі жаңа технологиялар (орта ғасырлардағы мәдениет тарихы): пед. ғылымд. канд.... дис. Баранов В. Автореф.: қорғалған 04.07.07 – Алматы, 2007.- 26 б.
 32. Қырғызхан Г.А. Заманауи мектептің 5-7 сыныптарында Қазақстан тарихын оқытудағы цифрлық технологияларды қолданудың теориялық және практикалық мәселелері: Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация – Алматы, 2007.- 74 б.
 33. ЖОО-ғы гуманитарлық білім беру технологиялары/ О.В.Ақулова, А.А.Ахаяни др./ Под ред. С.А.Гончарова. Отв.ред. И.Ю.Гутник. – СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И.Герцена, 2007. – 174 с.
 34. Рефлексия – мұғалімнің оқыту және оқу тәжірибесін жетілдіру құралы: әдістемелік ұсынымдар/ Б.К.Ардабаева, Б.М.Утегенова. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталық, 2016.
 35. 2023–2024 оқу жылында Назарбаев Зияткерлік мектептерінде NIS-Programme білім беру бағдарламасын іске асыру бойынша әдістемелік нұсқау хат. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы, 2023. – 369 б.